


Баспасөз

және

СЫН

*“Түркістан уалаяты”
газеті*



“Түркістан уалаяты” газетіндегі сыни ойлар
Түркістан Уалаятының Газеті– Ташкент-
те Туркестанские ведомости газетіне қосымша ретінде
тұңғыш қазақ тілінде шыққан аударма газет (1870 –
82). “Түркістан Уалаятының Газеті” белгілі
мақсатта патша үкіметінің шешімі бойынша
жергілікті әкімшіліктің бақылауымен және
қаржыландырумен шыққан ресми газет. 12 жыл бойы
шығып тұрды. “Түркістан Уалаятының Газетінің”
алғашқы редакторы шығыстанушы
[Ш.М.Ибрагимов](#) болды. Газет алғашын-
да “Туркестанские ведомости” газетінің қо-сымшасы
ретінде айына төрт рет, екі саны қазақша, екі саны
өзбекше, 200 – 250 таралыммен шығып тұрды. өлкеде
болып жатқан саяси-
экономикалық, әлеуметтік, мәдени, т.б. сипаттағы
үрдістер газет бетінде белгілі бір дәрежеде бейнеленді.

*“Түркістан уалаяты”
газетіндегі бүгінгі шындықты
жырлаған , түйінді ойды
қарадүрсіндеу баяндалған өлең :*

*Басынан бұлт кетпейді күн
жайланып,
Сақау озды ,шолжаңдаған тіл
байланып.
Тұлпардан есек озды бәйге алып
жүр,
Бұ күнде заман кеткен теріс
айналып.*

*“Түркістан уалаяты” газеті
сыншылдық ой –пікірге қатысты
материалдарды 1875-1878
жылдары жариялады.*





ДАЛА
ҰАЛАЯТЫНЫҢ
ГАЗЕТІ

Дала уалаятының газеті - 1888 жылдың 1 қаңтарынан 1902 жылдың 12 сәуіріне дейін Омбы қаласында қазақ, орыс тілдерінде "Акмолинские областные ведомоства" газетіне қосымша ретінде шығып тұрған ресми газет. Газеттің басты мақсаты — жергілікті халықты үкімет жарлықтарымен таныстырып отыру. Қазақшасының редакторлары — Ешмухамед Абылайханов пен Дінмұхамед Сұлтанғазин. бейресми бөлімінде Ы.Алтынсарин, Ш. Уәлиханов туралы деректер басылған.

Абай, М.Ж.Көпеев, Ш.Құдайбердиев, А.Құрманбаев, О. Әлжанов, С.Шорманов, М.Жанайдаров, К.Жапанов, Б. Сыртанов, Ж.Ақбаев, Ж.Айманов, т.б. шығармалары, хаттары, мақалалары басылып тұрған. Қазақ ауыз әдебиетінің нұсқалары («Қозы Көрпеш – Баян Сұлу», "Нөрік батыр", «Еңлік - Кебек), «Алдар көсе, Жиренше, Қожанасыр аңыздары, Шығыс сюжеттері ("Мың бір түн", "Шаһнаме", "Фархат — Шырын"), мақал-мәтелдер, жұмбақтар, орыстың белгілі ақын, жазушыларының кейбір шығармаларынан аудармалар жарияланған.

"Дала уалаятының газеті" басында көлемі 1/2 баспа табақ болып 4 бетке басылып тұрған. 1888 жылғы 8-санынан газет көлемі екі есе көбейтіліп, тұтас бір баспа табаққа жетіп, 8 бет болып шыққан. 4 беттік сандарында газет беті екі бөлікке бөлініп басылған. Сол жақтағы 1-бөлігінде араб әріптерімен жазылған қазақша мақалалар, оң жақтағы 2-бөлігінде орыс тіліндегі материалдар басылған. Ал 8 беттік нөмірлерінде алғашқы төрт беті түгел қазақша, қалған төрт беті орысша басылған. "Дала уалаятының газеті" аптасына бір рет, алдымен жұма сайын, кейіннен жексенбі сайын шығып тұрған. Ү. Сұбханбердинаның құрастыруымен "Дала уалаятының газетінің" материалдар жинағы 150 б.т. тұратын 4 кітап болып, 1996 ж. "Дала уалаятының газетінің" 5-кітабы, мазмұндалған библиофилософия көрсеткіші жарыққа шықты.




1890 жылы № 19 санында :

“Баянауылдан екі кісінің сөзі ұнамды тиіп, көңілденіп отырмыз. Бірі – Сәдуақас Мұсаұлы Шорманов дегеннің сөзі, атасы жақсы болған адам еді , екіншісі – Жүсіп Көпеев деген кісі . Сөзі қара сөзбен болса да , өлеңмен болса да дәмді болып көрінеді. Көпеевтің сөзінен сөз танушыларға ғибрат көп табылып тұр... Және естуші едік Сүйіндікте Мәшһүр ақын бар деп , оның өзін көрмесек те , өлеңі жұртқа жайылып еді” , -деп Қарқаралыдан хат келді. Бұл баға берудің өсіп , халықтың таным - білігінің сыртқа шыққан түрі екенін көрсетеді.



“Қазақ” газеті

www.ZHARAR.com



ws.kz

*«Қазақ» газеті-1913-1918 жылда-ры
Орынбор қаласында жарияланып тұрған
қоғамдық-саяси және әдеби-мәдени басылым. №1
номері 1913 жылы 2 ақпанда шыққан.
1915 жылға дейін аптасына бір рет, одан кейін екі
рет шыққан. Бастырушысы - «Азамат» серіктігі.
Газетке қаржылай көмектескендердің көшбасында
Мұстафа Оразайұлы бар. Жалпы 265 нөмірі жарық
көрген. Газет рәміздік-бейне ретінде киіз үйді
ұсынды. Бұл - қазақ ұлты деген ұғымды берді. Оның
түндігі батыстан ашылып, есігіне «Қазақ» деп
жазылды. Мұны түсіндірген ұлт зиялылары «қазақ
ішіне Еуропа ғылым-өнері таралсын, «Қазақ» газеті
қазақ жұртына әрі мәдениет есігі, әрі сырт жұрт
жағынан күзетшісі болсын» деп жазды.*

«Қазақ» газетін шығаруды ұйымдастырушы, редакторы - А. Байтұрсынұлы, оның өкілетті өкілі М.Дулатұлы болды. 1918 жылы газетті Жанұзақ Жәнібекұлы басқарды. Басылымда А. Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхан, М.Дулатұлы, М. Шоқай, Мұхаметжан Тынышбайұлы, Ш. Құдайбердіұлы, Ғ.Қараш, Р.Мәрсеков, Ж.Тілеулин, Ғ. Мұсағалиев, М.Жұмабаев, Х.Болғанбаев, Х. Ғаббасов, Ж.Ақпаев, Ж.Сейдалин, С.Торайғыров, А. Мәметов, С.Дөнентайұлы, Х.Досмұхамедұлы т.б. авторлардың мақалалары жарияланып тұрды.

“Қазақ” газеті 1913 жылы шыққан күннен бастап қазақ әдебиеті мен мәдениетінің жоғын жоқтап , үлкен эстетикалық өреге көтере білді.

“Қазақ” газетінің 1913 жылы шыққан № 43 санында

А. Байтұрсыновтың “Қазақтың бас ақыны” мақаласы шығады.

Мақалада:

“Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларғы керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек. Ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылдық керек, мағыналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған» деп шеберлік көздерін білгірлікпен айқындайды.



مەزمۇن

تەرجىمىسى

۱. ئۆزبېك
 г. Троицьк
 Орыс тили
 Редактору ары-чы
 „Ай-Қаң“ Журна-
 лындағы Сарамау
 ың редакциясы
 „Стамбул“

آيخان

۲. جازلو پىناسى:
 ۳. ۱۰-مۇم. آللى
 ۴. ۱۰-مۇم. ۲۰-ئىلى
 ۵. ۱۰-مۇم.
 ۶. ۱۰-مۇم. ۲۰-ئىلى

№ 1

تورپىكى شەرقە ئېندە بر مەنە چىسا طۇغون زورنال



۱. ۱۰-مۇم. ۲۰-ئىلى
 ۲. ۱۰-مۇم. ۲۰-ئىلى
 ۳. ۱۰-مۇم. ۲۰-ئىلى

۴. ۱۰-مۇم. ۲۰-ئىلى
 ۵. ۱۰-مۇم. ۲۰-ئىلى
 ۶. ۱۰-مۇم. ۲۰-ئىلى

۷. ۱۰-مۇم. ۲۰-ئىلى
 ۸. ۱۰-مۇم. ۲۰-ئىلى
 ۹. ۱۰-مۇم. ۲۰-ئىلى

شەرق تۈركىستان ئىينوار ۱۰ نەمە

۱۹۱۱-ئىلى جىل

۱. ۱۰-مۇم. ۲۰-ئىلى
 ۲. ۱۰-مۇم. ۲۰-ئىلى


۳. ۱۰-مۇم. ۲۰-ئىلى
 ۴. ۱۰-مۇم. ۲۰-ئىلى
 ۵. ۱۰-مۇم. ۲۰-ئىلى

۶. ۱۰-مۇم. ۲۰-ئىلى

“Айқан” журналы

"Айқап" - қоғамдық-саяси және әдеби журнал. 1911-1915 жылы Троицк қаласында басында айына бір рет, кейіннен айына екі рет шығып тұрған. 1-2 мың данамен 88 нөмірі жарық көрген. Алғашқы редакторы - М.Сералин. "Айқап" қазақтың қоғамдық санасының оянуына және ұлттық мәдениеттің дамуына үлкен үлес қосқан. Журналда қазақ ауылдарындағы оқу-ағарту жұмыстары, әйел теңдігі, отырықшылық өмір салтына көшу, сонымен қатар Мемлекеттік Думаға қатысу жөніндегі саяси мәселелер көтерілді.





Журналды шығару жұмыстарына А. Ғалымов, С.Торайғыров қатысқан. Журналда А.Байтұрсынұлы, Ш.Құдайбердіұлы, Б.Майлин, Б.Өтетілеуов, С.Көбеев, Н.Құлжанов, т.б. сияқты белгілі жазушылар белсенді қызмет атқарған. Абай, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин өлеңдерімен қатар халық ауыз әдебиетінің шығармалары, шығыс, орыс және еуропа әдебиетінің туындылары жарияланған.

*“Айқаптың” 3 санында Нұржан Наушабаевтың
“Алаш” атты өлең жинағына :*

*“Бұл кітап нәсім – нәсімге бөлініп жазылған.
Наушабаевтың кәдімгі жүйріктігі мұнда да көрініп
тұр . Өлеңнің бізге бір ұнамаған жері : “бәмсі бір
нәсім басында өз есімін қосыңқырап жазғаныи .
Мсыалы , “Әй, Нұржан, қаламыңды қолға алышы”,
екінші “Сөзіңді әркім , Нұржан , сүйер сенің ”деп
жазғаны. Тағы да бір міні – әуелгі нәсімінде
“Хмельде қалған жоқ па бірер тамшы ” деген сөзді
қадірлеуі тиіс еді. Боғауыз сөз екендігі білініп тұр ”
деп сын жазылады. Төлеу Тоқалбаев деген кісі
“Айқаптың ” осы сынына қатты ашуланып ,
М. Сералинге сынды теріске шығарып хат жазады.*

Ұлт тарихындағы қолжазба журналдарының ішінен “Медресе Риза ” шәкірттері шығарған “Садақ ” пен “Бірлік” ұйымы жұртқа таратқан “БАЛАПАН” басылымдарын ерекше атауға болады. Бұл екі журнал да 1915 – 16 жылдардың шамасында дүниеге келді. “ Садақ ” журналын Тұрсынбек Кәкішев мырза жинап, зерттеу кітабын жазды.


1917 жылы “Айна”, “Сәуле” , “Жаңа заман ”, “Балдырған” т.б. Қолжазба журналдар шықты. “Балапан” журналының жауапты шығарушысы- Қ. Кеменгерұлы . Балапанның бірде – бір саны табылмай отыр.

“Садақ” журналы

Б. Майлин, одан кейін Ж.Тілепбергенов редактор болған “Садақ” журналының бірінші саны 1915 жылы 9 қарашада шығып, 1918 жылдың 9 ақпанында тоқтады.

“Садақ” журналы бірнеше бөлікке бөлінеді :

1. Жидди һәм бас сөз . Арамызға тиісті олған мәселе.
2. Оқшау сөз. Уақиға, хикая, роман – хикая.
3. Өлең , әдеби – жидди өлеңі. Хикая.
4. Халық көркем сөзі , ертегі ,батыр , билер сөзі. Тақпақ , жұмбақ , жаңылтпаштар.
5. Күлкі . Шәкірттердің келіспеген мінезіне күлу. Халық аңғаулығына күлу , қызықты күлкі сөздер.



Қажым Басымовтың “Ырысты”, Салахаддин Сарталиевтің “Мақтым” шығармалары “Садақтың” көркемдік бағасын көтеруімен қатар, эстетикалық ойға қозғау салды.

“Мақтым” шығармасы туралы сын жазған

Ж. Тілепбергенов : *“Сөздің түзу жақтары өте әдемі, басқаларға өрнек боларлық. Сырттай қарағанда жақсы шыққан. Бірсыпыра роман жазып жүрушілердің көбінің сөзінен ажарлы , кітап қылып бастырып, халық көзіне көрсетіп, жарыққа шығаруға да ұялатын емес. Өз ойымша , бұл “Мақтымды” жазушының ішінде бір жігерлі от барын сезем. Қаламыңды тек жатқызба!”* деп тілек білдірген сыншы “Садақтың” 12, 13, 14 – сандарында талдауын , ойларын айтқан.

“Балапан” журналы туралы мәлімет қалдырған

С. Сәдуақасұлы : “Балапан ” журналы 1916 жылдан бастап Омбы қаласында шығып тұрады. Ол бірыңғай көркем шығарма (беллетристика) жариялайтын бірден – бір басылым” .

Смағұл Сәдуақасов бұл журналды қолжазба журнал деп атамайды :“Балапан” тасқа басылып шығуы (баспаханада басылуы) да мүмкін, екіншіден , ол тұста газет – журналдың құны оның тасқа басылған – басылмағандығымен өлшенбеген” , - деген пікір айтады.

Архив деректері бойынша “Балапанның” жауапты шығарушысы - Қошке Кемеңгерұлы.



Аумалы – төкпелі 1917- 1918 жылдары “Балапан” Алаш зиялыларының бағытын шәкірттерге түсіндіріпті. “Балапан” журналы көркем шығарма жазуға талабы бар шәкірттерді шыңдады. Орыс әдебиетімен , орыс тілі арқылы шеел әдебиетімен танысқан олар жазба әдебиетінің жаңа сапаға көтеріліуіне жұмылды.

Журнал белгілі дәрежеде “Әнші ”, “Елес”(Ж. аймауытов), “Қаралы сұлу”, “ оқыған азамат” (М. Әуезұлы), “Талақ ”, “Заман ”, “Құрымбайдың жгітшілігі ” (Б. Майлыұлы) , “Шолпанның күнәсі ” (М. Жұмабайұлы) сынды шығармалардың тууына себеп болды.

“Алаш” газеті Ташкент қаласында 1916 жылы 26 қарашадан 1917 жылдың 25 мамырына дейін шықты. 22 саны жарық көрді. Шығарушысы – Көлбай Тоғысов. Саясат саласында көп жазды. Бұл газетте әдеби шығармалар көп жарияланды. Т. Жоартбаевтың “Жасасын Алаш” өлеңі, Ш. Аймановтың “Мұңлы қатын” әңгімесі”, Тіенбергеновтың “Арсыздар”, “Аттон айып” секілді сөздері мен новеллалары, Б. Майлиннің “Қара күн” толғауы, Б. Күлеевтің “Қазақ қызы” өлеңі т.б.

**1917- 1918
жылдары :**


- *“Бірлік туы”*
- *“Дұрыстық жолы”*
- *“Тіршілік”*
- *“Айна” журналы*
- *“Сарыарқа”*



“Бірлік туы” - 1917-18 жылдары ұлттық , түрікшілдік бағыттан таймаған газет. Негізін Мұстафа Шоқай қалаған бұл газет Ташкентте 1917 жылдың 24 маусымынан 1918 жылдың сәуір айының ортасына дейін жарық көріп тұрған тәрізді. Оның алғашқы сандары “Қазақ” газетінде “Түшкі хабарлар ” деген айдармен шықты. Газет жетісіне бір рет шығады. Жылдық құны – 5 сом, жарты жылдығы – 3 сом, үш айлығы – 1 сом 70 тиын.

“Газет қай ұйымның үні болды?” деген сұраққа әркім әртүрлі жауап береді :

- 1. “Қоқан автономиясының жаршысы”;**
- 2. “Алаш Орданың органы” ;**
- 3. “Ташкент пантюркистерінің жалпы газеті” деп айтады.**



“Бірлік туының” бастапқы екі нөміріне - *М. Шоқай* , кейінгі 14 санына – *Х. Болғанбайұлы* , 16-шы санынан бастап соңғысына дейін – *С. Қожанұлы* редакторлық жасаған.

М. Шоқайұлының “Хаты” ,
Х. Болғанбайұлының “Иман күші” ,
“Санаққа қарсылық” , “Тұла бойлары қан сасиды” , “Ескі тәртіп һәм халық хакімдігі” , С. Қожанұлының “Түркістанда орыс сиездері” ,
М. Дулатұлының “Ұлт қазынасы” , “Кім дос? Кім қас ?” мақалалары - біз үшін маңызды дүниелер.

Зиялылардың Ақпан төңкерісінен кейінгі ізденісін айна – қатесіз түсірген басылым – “Сарыарқа” газеті.

1917 жылдың маусым айының басынан 1919 жылдың ортасына дейін Семей қаласында шыққан. Жауапты шығарушылары – Х. Ғаббасұлы мен Р. Мәрсекеұлы. Бастырушысы – “Теңдік” серіктестігі.

“Сарыарқаның” көтерген мәселесі : қазақ теңдігі , автономия мәселесі , Алаш қозғалысын нығайту , дербес мемелекет жасаудың жолдарын көрсетуге талпыну, жоғалған елдікті қайта орнықтыру.

“Сарыарқа ” талай тарландарға мектеп болды. Әдебиеттің классигі М. Әуезұлы қаламын осы газетте ұштады : “Адамдық негіз - әйел” , “Оқудағы құрбыларыма атты алғашқы мақалалары 1917 жылы 5, 14 қыркүйекте басылған. М. Жұмабаевтың “Мен жастарға сенемін” өлеңі жарияланған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- *Т. Кәкішев*
Қазақ әдебиеті сынының тарихы : Оққулық.-Астана: Фолиант, 2013.-400 бет.
- *Д. Қамзабекұлы*
Руханият: (Мақалалар мен зерттеулер).-Алматы: "Білім" ,1997.-272 бет.
- *kk.wikipedia.org/wiki*